

*** Астана Медициналық Университеті
Патологиялық анатомия кафедрасы**

Некроз

Орындаған: Китебаева А.Ғ.

Тобы: 336 ЖМ

Тексерген: Шайкенова М.С.

* Жоспар

* I Кіріспе

* II Негізгі бөлім

Некроздың жіктелуі

Некроздың морфогенезі

Некроздың дамуын қамтитын жағдайлар

Макроскопиялық көріністері.

Тамырлық некроз – инфаркттың морфологиялық түрлері

Микроскопиялық көріністері.

Некроздың нәтижелері

Клиникалық мәні

III Қорытынды

IV Пайдаланылған әдебиеттер

* **Некроз** (гр. *nekros* — өлі, шірік, өлі еттену) - тірі организмдегі жасуша мен ұлпалардың өлуі. Қан және жұқпалы ауруларға шалдығу, жарақаттану, күйу т. б. себептерден ауыз шырышты қабығы, қызыл иек шеті, ерін мен ұрт үстері некрозға ұшырайды. Шіру процестері ұлпа қабынғанда, тіс эмалі зақымданғанда білінеді. Күшәла пастасымен пульпитті емдегенде жақ сүйектерінің некрозы кездеседі. Жарақаттанудан (үсу, күйу), жүйкенің жаншылуынан, уланудан, туберкулез, мерез, бөртпе, сүзек аурулары салдарынан, бүйректің қабынуынан, сондай-ақ гангрена, инфаркт аурулары кезінде де өлі ет пайда болады. Өлі еттенген органдардың ұлпалары мен жасушаларының қан айналысы, жүйке жүйесінің қызметі бұзылып, жасуша аралық заттары өзгереді. Мұның салдарынан қоректік заттардың келуі азайып, тіршілік әрекеті кемиді. Сөйтіп, орган не ұлпа жасушаларының ядросы мен цитоплазмасы бүрісіп кішірейеді. Өлі ет көбінесе ұзаққа созылған аурудан әлсіреген адамдарда жиі кездеседі. Мұндайда кез - келген жердің, әсіресе жамбас ұлпалары өлі еттенуі мүмкін. Кейде өлі ет органға инфекция түсіп, іріңдейді. Оның емі, шіріген ұлпаға хирургиялық операция жасайды, антибиотиктер, организмді әлдендіретін, құнарлы, витамині көп тағамдар ішу.

* Жіктелуі.

Дамытатын себептеріне қарай некроздың 5 түрін ажыратады:

1. травмалық,
2. токсикалық,
3. трофоневроздық,
4. аллергиялық,
5. тамырлық.

Себепші фактордың әсерін тигізу механизміне қарай :

- 1) тура некроз – травмалық, токсикалық;
- 2) жанама некроз – трофоневроздық, аллергиялық және тамырлық.

Морфологиялық және клиникалық көріністерінің ерекшеліктеріне қарай некроздың **клиникалық-морфологиялық түрлері:**

1. Коагуляциялық (құрғақ): балауыздық, казеозды, фибриноидты;
2. Колликвациялық (сулы);
3. Гангрена: құрғақ, сулы, жауыр, нома;
4. Секвестр;
5. Инфаркт: ишемиялық, геморрагиялық, аралас

* Морфогенезі.

Некроз үрдісінің морфогенетикалық сатылары:

- 1) паранекроз — некрозға ұқсас, қайтымды өзгерістер;
- 2) некробиоз — катаболизмдік реакциялардың, анаболизмдік реакцияларға қарағанда басым болуымен сиптталатын қайтымсыз дистрофиялық өзгерістер;
- 3) жасушалардың өлімі;
- 4) аутолиз — өлімге ұшыраған жасушалар мен қабыну реакцияларына қатысатын жасушалардың гидролиздік ферменттерінің әсеріне байланысты тіннің ыдырауы.


Некроздың дамуын қамтитын жағдайлар:

- * Коагуляциялық некроз сұйықтығы аз, ақуыздарға бай, гидролиздік ферменттердің белсенділігі төмен тіндерде дамиды.
- * Колликвациялық некроз, керісінше, сұйықтығы көп, гидролиздік ферменттердің белсенділігі жоғары тіндерде дамиды.
- * Гангрена сыртқы ортамен байланысы бар тіндерде, микроорганизмдердің қатысуымен дамиды.
- * Науқас адам ұзақ уақыт төсек тартуына байланысты, дененің компрессияға ұшыраған жерлерінде жауырлар дамиды

Казеозды некроз
(лимфа түйіндері)



* Казеозды некроз



Тамырлық некроз (инфаркт) тіндер мен ағзалардың қанмен қамтамасуының жеткіліксіздігімен байланысты.

Қанмен қамтамасу жеткіліксіздігіне артериялардың тромбозы, эмболиясы, компрессиясы және ұзақ уақытты жиырылуы алып барады.

Гипоксия жағдайындағы ағза қызметі жоғарлап кеткенде қанмен қамтамасуы нашарлап тамырлық некроз дамуы мүмкін.

Тіндердің қанмен қамтамасуы нашарлағанда ағзаларда гипоксия, ишемия, ишемиялық некроз дамиды.

Некроздың даму механизмдері:

- * Цитолеммасының бұзылыстарына, энергетикасының блокадасына, ферменттер белсенділігінің тежелуіне байланысты жасушалардың өлімі.
- * Ферменттердің (коллагеназаның, эластазаны, протеазалардың, липазалардың) әсеріне байланысты жасушалардан тыс матрикс пен строма элементтерінің, жүйке талшықтары ұштарының өлімі.

Макроскопиялық көріністері.

- * Құрғақ некроз кезінде тіндер құрғақ, тығыз болады, тіпті мумификациясы дамуы мүмкін.
- * Колликвациялық (сулы) некроз кезінде тіндер жұмсақ, сұйықтығы көп, ыдырауы (маляциясы) мүмкін.
- * Некрозға ұшыраған тіндердің түсі қанның әлде пигменттердің қоспаларымен байланысты.
- * Некроздық массаларға қанның қосылуына байланысты олардың түсі гемоглобиногендік пигменттердің мөлшеріне қарай қызыл, қоңыр, сары, жасыл болып көрінуі мүмкін.

* Тамырлық некроз — инфаркттың морфологиялық түрлері:

- **Ақ инфаркт** — даму механизміне қарай ишемиялық болып табылады.

Көбінесе көк бауырда кездеседі, субкапсулярлық маңайларында үшбұрышты бозарған ошақты көруге болады.


- **Қызыл инфаркт** — даму механизміне қарай геморрагиялық болып табылады.

Көбінесе өкпелерде, мида кездеседі.

Өкпедегі геморрагиялық инфаркт ошақтары субплевралды түрде орналасады, пішіні үш бұрышты, түсі қызыл-қара.


Үшбұрыштың негізі плевраға қараса, ұшы өкпе түбіріне қарайды.

* Инфаркт (аш ішек)



* Инфаркт (көкбауыр)







* Инфаркт (бүйрек)




* Инфаркт



* Инфаркт (бүйрек)



*Инфаркт (бүйрекүстібез)



Қызыл жиекті ақ инфаркт - даму механизміне қарай ишемиялық болып табылады.

Көбінесе миокардта, бүйректерде кездеседі.

Бүйрек инфарктының пішіні дұрыс, үш бұрышты.

Ал, миокард инфарктының пішіні дұрыс емес.

Қызыл жиегінің мәні – некрозға ұшырыған ошақты қоршап, кейін орнын толтыруға бейімделген қабыну реакциясы; саны көп, қан толу жағдайындағы капиллярлар мен лейкоциттерден құрастырылады.

* Кейбір инфаркттардың морфологиялық ерекшеліктері болады.

Мысалы, мидағы инфаркт ошақтарында энцефаломалация (ми затының жұмсаруы) дамиды.

Даму механизміне қарай – сұр энцефаломалация (ишемиялық инфаркт) және қызыл энцефаломалация (геморрагиялық инфаркт) деп аталады.


Энцефаломалация ошақтарының орнын глиалды тыртықтар толтырады, кейде энцефаломалация ошағының орнында киста пайда болады.

Ішектегі инфаркт ошақтары, даму механизміне қарай геморрагиялық, пішіні дұрыс емес, түсі қызыл-қара.

Бірақ, ішек микрофлорасының қатысуымен, ішек инфаркты өте жылдам гангренаға ауысады.


Осы себептен операция әлде аутопсия кезінде – ішекте гангренаның көрінісі анықталады.

* Ми инфаркты





*Басмидағы инфаркт ошағы





- *Гангрена кезінде гемоглобин темірі мен ауадағы күкірт-сутегі әрекеттесіп темір сульфидін құрастырады, ол тіндерге қара түс береді.
- *Гангрена өкпеде, ішекте, аяқтардың жұмсақ тіндерінде, жатырда, өт қапшығында дамуы мүмкін.

* Гангрена



* Гангрена



*Микроскопиялық көріністері.


Некроздың микроскопиялық көріністеріне жасушалар ядросы мен цитоплазмасының келесі өзгерістері жатады:

- кариопикноз – ядроның бүрісуі
- кариорексис – ядроның фрагментациялануы (бөлшектенуі)
- кариолизис – ядроның ыдырауы.


* Ядро некрозының



норма



кариопикноз




кариорексис




кариолизис

* Миокард инфаркты




- * Жасуша цитоплазмасындағы өзгерістер: коагуляция, цитоплазморексис, цитоплазмолизис.
- * Жасушалардағы өзгерістермен қатар, микроскопия арқылы ретикулалық, коллагендік және эластикалық талшықтардың ыдырауы, бөлшектенуі, эластолизис және фибриннің шөгілуі анықталады.
- * Некроз ошақтарының айналасында нейтрофилді лейкоциттердің қатысуымен демаркациялық қабыну дамиды.
- * Май тіндерінде некроз массаларында май қышқылдары мен сабындар жиналып липогранулемар қалыптасады.

* Майлы некроз (ұйқыбез)



* Майлы чекроз (микро)



* Некроздың нәтижелері:

- тіндер құрылымдарының қалыпқа келуі
- тыртықтану
- әктену
- инкапсуляция
- петрификация
- оссификация
- кистаның қалыптасуы
- маляция
- іріңді деструкция, абсцесс
- мутиляция - өлімге ұшыраған тіндердің демаркациялық қабынудың бойымен үздің кетуі

***Клиникалық мәні** – некроздың клиникалық мәні оның түріне, көлеміне, орналасқан жеріне, нәтижелеріне және организмнің жалпы жағдайымен, иммунды жүйенің белсенділігімен байланысты.

Мысалы, мидағы, миокардтағы, ішек қабырғасындағы, терідегі некроз ошақтарының клиникалық көріністері мен асқынулары әр түрлі болады.

* Пайдаланылған әдебиеттер

- * А.И. Струков, В.В. Серов. Патологическая анатомия. Мәскеу-1995г.
- * О. Д. Дайырбеков, Б. Е. Алтынбеков, Б. К. Торғауытов, У. И. Кенесариев, Т. С. Хайдарова Аурудың алдын алу және сақтандыру бойынша орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Шымкент. “Ғасыр-Ш”, 2005 жыл. ISBN 9965-752-06-0
- * Стоматология терминдерінің орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. – Алматы, Қазақстан, 1991. ISBN 5-615-00789-3
- * Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Экология және табиғат қорғау / Жалпы редакциясын басқарған – түсіндірме сөздіктер топтамасын шығару жөніндегі ғылыми-баспа бағдарламасының ғылыми жетекшісі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты А.Қ.Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2002 жыл. – 456 бет. ISBN 5-7667-8284-5
- * Патологиялық анатомия терминдерінің орысша – латынша – қазақша түсініктеме сөздігі.- Ақтөбе. ISBN 9965-437-40-8